



«Non-degree» бағдарламасы бойынша оқыту курстарын  
ұйымдастыру бойынша өтеулі қызметтер көрсетудің

# ШАРТЫ

*(академиялық дәреже бермей)*



**«Non-degree» бағдарламасы бойынша оқыту курстарын ұйымдастыру бойынша  
өтеулі қызметтер көрсетудің  
ШАРТЫ  
(академиялық дәреже бермей)**

Осы Шарт «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті» ММ берген 23/05/2018 жылғы № KZ64LAA00011853 лицензиясы негізінде әрекет ететін «M.S. Narikbaev atynda y KAZGUU Universiteti» АҚ (04.05.2018 жылғы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама), бұдан әрі – «Университет» деп аталады, осы Шарттың талаптарына қосылған ND тыңдаушысына өтеулі білім беру қызметтерін көрсету шарттарын айқындайды.

ND тыңдаушысының, оның заңды Өкілінің осы Шартқа қосылуы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, нысанға сәйкес, қол қойылған «Қосылу туралы өтініш» негізінде жүзеге асырылады.

ND тыңдаушысы, сондай-ақ осы Шартқа қосылған оның заңды Өкілі және Университет осы Шартта белгіленген барлық талаптар мен міндеттемелерді тұтастай, Университеттің уәкілетті қызметкерлері Өтінішті қабылдағаны туралы белгі жасағаннан кейін ғана қабылдайды.

Тараптар «Қосылу туралы өтінішке» қол қойылған күн Шарт жасасу күні болып табылады деген келісімге келді. Өтінішке Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден бірдей 2 (Екі) данада қол қойылады.

ND тыңдаушысының «Қосылу туралы өтініш» беруі Университеттің оны «non-degree» бағдарламасы бойынша Тыңдаушылар құрамына қабылдау міндетінің автоматты түрде туындауын білдірмейді. Оқуға қабылдау осы Шарттың талаптары негізінде жүзеге асырылады.

Осы Шарт үлгілік бекітілген нысан болып табылады және ND тыңдаушысының мен оның заңды Өкілі тарапынан өзгертуге жатпайды.

Университет осы Шартта айқындалған тәртіппен осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Осы Шарттың біржақты өзгеруі туралы Университет ND тыңдаушысын, ал ND тыңдаушысы кәмелетке толмаған жағдайда – Өкілін Университеттің ресми сайтында және ақпараттық жүйелерде және ND тыңдаушысымен коммуникация құралдарында ақпаратты орналастыру жолымен осындай өзгерістер күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 15 (Он бес) күннен кешіктірмей хабардар етеді.

Тараптар осы Шарттың нысаны мен оған қосылу тәртібі шарттар жасасудың жазбаша нысанына теңестірілетініне сөзсіз келіседі.

## 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. ND тыңдаушысы қабылдайды және төлейді, ал Университет «Қосылу туралы өтініште» Тыңдаушы көрсеткен білім беру бағдарламаларының жекелеген тобы бойынша Университеттің оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес білім беру бағдарламасының пәндерінің бір бөлігін оқуды көздейтін «non-degree» бағдарламасы (академиялық дәреже бермей) бойынша оқыту курстарын ұйымдастыру және курстарға уақтылы тіркелу және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген кредиттер санын игеру шартымен пәндердің атауын, есептелген академиялық кредиттердің санын және қорытынды бағаларды көрсете отырып, ND тыңдаушысына сертификат беру бойынша міндеттемелерді өзіне алады.

1.2. «Non-degree» бағдарламасы бойынша оқыту курстарының жалпы ұзақтығы Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен анықталады.

Академиялық кезең (семестр) аяқталғаннан кейін, келесі академиялық кезеңде (семестрде) оқуын жалғастырған жағдайда, ND тыңдаушысы Шарттың қолданысын тиісті кезеңге ұзартуға осы Шартқа қосымша келісім жасасуға міндеттенеді.

1.3. Қызмет көрсету орны: Астана қ., «Нұра» ауданы Қорғалжын тас жолы, 8-ғимарат.

1.4. «ND тыңдаушысы» мәртебесі білім алушыға әскери қызмет өткеруден кейінге қалдыру құқығын бермейді, сондай-ақ әлеуметтік немесе өзге де төлемдерді ұсыну үшін негіз болып табылмайды.

## 2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 2.1. Университет келесі міндеттерді өзіне алады:

2.1.1. Тыңдаушы Қазақстан Республикасының нормативтік актілері мен университеттің нормативтік құжаттары негізінде «non-degree» бағдарламасының тыңдаушылары қатарына ол немесе өкіл осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 1-қосымшаға сәйкес таңдалған академиялық кредиттер құнының толық сомасы мөлшерінде біржолғы жарна мен оқу ақысын енгізген жағдайда қабылдауға.

\*Ескертпе: біржолғы жарнаның мөлшері және 1-ші академиялық кредиттің құны Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларымен және түсудің тиісті жылына Атқарушы орган – Басқарма бекіткен Университет қызметтері құнының тізілімінде белгіленеді.

ND тыңдаушысы тіркеле алатын кредиттер саны Университеттің Академиялық саясатында бекітілген.

Тиісті Жоғары мектептің Академиялық сапа комитетінің шешімі және Провост бұйрығы негізінде, осы Шарт жасасқан және оқуға түсудің тиісті жылына бекітілген Университет қызметтері құнының тізіліміне белгіленген мерзімде және білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларына сәйкес біржолғы жарна мен бастапқы соманы енгізген жағдайда «non-degree» бағдарламасының оқыту курстарына Тыңдаушыны жіберуге;

2.1.2. ND тыңдаушысын таныстыру үшін Университеттің ресми электрондық ақпараттық ресурстарында ішкі нормативтік құжаттарды орналастыруға;

Тараптар Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен танысу туралы ND тыңдаушысының жеке қолы талап етілмейді деген келісімге келді.

2.1.3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандартының талаптарына, Университеттің Академиялық саясатына және білім беру процесін реттейтін өзге де ішкі құжаттарға сәйкес «non-degree» бағдарламасы бойынша оқыту курстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;

2.1.4. ND тыңдаушысының денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында міндетті медициналық қызмет көрсету жағдайында медициналық бөлімшесінің жұмысын ұйымдастыруға;

2.1.5. ND тыңдаушысы жүргізген тіркеуге сәйкес ND тыңдаушысының оқу жүктемесінің көлемін анықтауға және оқытудың салауатты, қауіпсіз жағдайларын жасауға;

2.1.6. Университеттің ішкі нормативтік актілерінде көзделген тәртіпте Университеттің кітапханасы мен оқу залдарының оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорын пайдалануға еркін қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

2.1.7. ND тыңдаушысына Университеттің оқу бағдарламалары шеңберінде тапсырмаларды орындау үшін Университет басшылығы бекіткен жекелеген Ережелерде көзделген тәртіппен және шарттарда компьютерлік техниканы пайдалану мүмкіндігін беруге;

2.1.8. ND тыңдаушысының жеке ісін қалыптастыру мақсатында құжаттарды сұратуға және сақтауға. «Non-degree» бағдарламасының ND тыңдаушыларының құрамына қабылдау үшін қажетті құжаттар тізбесі Университеттің нормативтік құжаттарымен айқындалады.

2.1.9. ND тыңдаушысына Университеттің ғылыми, мәдени, спорттық және басқа да іс-шараларына ерікті түрде қатысуға мүмкіндік беруге және ұйымдастыруға;

2.1.10. ҚР жоғары білім саласындағы нормативтік актілерінің, сондай-ақ Университеттің жоғары оқу орнына түсуге қатысты ішкі нормативтерінің талаптары сақталған жағдайда, ND тыңдаушысын Университеттің білім алушы – студенттерінің құрамына және академиялық кредиттерді қайта есептеуді жүзеге асыра отырып, Академиялық сапа комитетінің шешімі бойынша қабылдауға;

2.1.11. Академиялық кредиттерді қайта есептеу тәртібін Академиялық сапа жөніндегі комитет айқындайды және Университеттің академиялық саясатымен реттеледі.

2.1.12. ND тыңдаушысының өз қалауы бойынша және/немесе Университеттің, ND тыңдаушысының және/немесе Өкілдің бастамасы бойынша Университеттен шығарылған жағдайда ND тыңдаушысының оқу сабақтарына қатысуына қарамастан төлем қайтарылмайды. ND тыңдаушысының өз қалауы бойынша оқудан шығару ережелері Университеттің Академиялық саясатымен және Университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

2.1.13. Осы Шартқа, тиісті жылға арналған қызметтер құнының тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде ақпаратты Университеттің Интернет желісіндегі ресми сайтында, сондай-ақ ND тыңдаушысымен ақпараттық жүйелер мен коммуникация құралдарында осындай өзгерістер күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей орналастыруға.

## **2.2. Университет құқылы:**

2.2.1. ND тыңдаушысынан осы Шартқа сәйкес өз міндеттерін адал және тиісінше орындауын, Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерін, оқу тәртібін, Университет оқытушыларына, қызметкерлеріне, білім алушыларына сыпайы және құрметпен қарауын сақтауды талап етуге, әлеуметтік желілер мен БАҚ-та қисынсыз «жалған» ақпаратты, сондай-ақ бейне/аудио және өзге де оқу контентін таратпауға, Университеттің имиджіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттер мен мәлімдемелерге жол бермеуге, осы Шарттың №2-қосымшасында көрсетілген талаптарды сақтауды талап етуге;

Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілері (құжаттары) оның ресми ақпараттық ресурсында (Университет сайты, оқытудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі, корпоративтік пошта және т.б.) орналастырылған. Тараптар Университеттің ресми ақпараттық ресурсында (Университет сайты, автоматтандырылған ақпараттық жүйе және т.б.) орналастырылған ішкі жергілікті нормативтік актілерге өзгерістер енгізу кезінде танысу туралы жазбаша акт жасауды талап етпейтіні туралы келісімге келді.

Университеттің ресми ақпараттық ресурсында (Университет сайты, корпоративтік пошта, автоматтандырылған ақпараттық жүйе және т.б.) орналастырылған ішкі жергілікті нормативтік актілері (құжаттары) Университеттің ресми сайтында жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн өткен соң заңды күшіне енеді.

2.2.2. ND тыңдаушысына оның оқу тәртібін, осы Шарттың 2.2.1-тармағының талаптарын, Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерін бұзғаны үшін, осы Шартты бұзғанға дейін және «non-degree» бағдарламасының ND тыңдаушыларының құрамынан шығарылғанға дейін тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға;

2.2.3. ND тыңдаушысынан Университеттің мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа техникамен жұмыс істеу ережелерін сақтауды талап етуге;

2.2.4. ND тыңдаушысының іс-әрекетімен материалдық залал келтірілген жағдайда оны қалпына келтіруге жұмсалған шығындарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен өтеуді талап етуге;

2.2.5. Жеке оқу жоспарын жасау кезінде ND тыңдаушысына ағылшын тілінде өткізілетін жекелеген пәндерді ұсынуға;

2.2.6. Тәртіптік теріс қылық жасағаны, ішкі жергілікті нормативтік актілердің (құжаттардың) ережелерін, оқу тәртібін жүйелі немесе өрескел бұзғаны үшін (дәлелді себепсіз сабақтарды жіберу, Университеттің ақпараттық ресурстарына заңсыз әрекет жасау және/немесе қол жеткізу, дәйексіз құжаттарды, оның ішінде медициналық анықтамаларды ұсыну), академиялық үлгермеушілігі, осы Шарттың талаптары, оның ішінде 2.2.1-тармағын, Университет Жарғысын, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерінің нормаларын, оның пайда болу негіздеріне қарамастан, Университет алдындағы қаржылық берешегі үшін ND тыңдаушысын оқудан шығаруға және осы Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға;

2.2.7. Университеттің Академиялық саясатында айқындалған академиялық сабақтарды жіберудің максималды санынан асқан кезде ND тыңдаушысын пәндерді және/немесе бақылаудың барлық түрлерін одан әрі оқуына жол бермеуге;

2.2.8. Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар саны жеткіліксіз болған жағдайда (30 адамнан аз) ND тыңдаушысын (оның келісімімен) басқа мамандыққа ауыстыруға, ал ND тыңдаушысының ауысуға келісімі болмаған жағдайда, осы Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға және ND тыңдаушысына қандай да бір ұстап қалусыз оқу үшін артық төленген соманы қайтаруға;

2.2.9. ND тыңдаушысын немесе оның өкілін қаржылық академиялық берешегінің бар екендігі туралы, сондай-ақ келесі академиялық кезеңге тіркелу үшін келу қажеттілігі туралы жеке хабардар етпеуге (академиялық үлгерімі, қаржылық берешегі туралы ақпарат Университеттің электрондық ақпараттық ресурстарында орналастырылады).

Кәмелетке толмаған ND тыңдаушысының Өкілін академиялық үлгерімі немесе қаржылық берешегі туралы хабардар ету Өкілдің жазбаша сұрау салуы бойынша ғана жүзеге асырылады.

2.2.10. Академиялық ағымдарды қайта құруды жүзеге асыруға;

2.2.11. ND тыңдаушысын жалған, зерттеу нәтижелерін бұрмалағаны, үшінші тұлғалардың зерттеулерін ұрлағаны және/немесе бүлдіргені, жақсы нәтиже алу үшін сөз байласу немесе алдау, плагиат, оның ішінде басқа адам жазған жұмыстарды ұсыну, пара алу сипатында Академиялық адалдық Кодексінің өрескел бұзғаны үшін оқудан шығарылған кезде, Университет осындай ND тыңдаушысына қатысты осы деректерді Университеттің ресми сайтында көрсете отырып орналастырады.

Қосылу туралы өтінішке қол қойған кезде ND тыңдаушысы осы тармақта көрсетілген негіздер басталған кезде осындай деректерді орналастыруға өзінің қайтарып алынбайтын келісімін береді.

2.2.12. Тараптар Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес, ND тыңдаушысына, оның заңды Өкіліне тікелей немесе жанама қатысты, осы Шарт шеңберінде және/немесе Университет білім беру және өзге де қызметтер көрсеткен кезде қолжетімді болатын биометриялық деректерді, сондай-ақ кез келген ақпаратты, оның ішінде: тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері, мекенжайы, отбасы жағдайы, білімі, ұлты («Дербес деректер»), жинауды, өңдеуді, сақтауды, пайдалануды, беруді (таратуды, ұсынуды, қол жеткізуді) және жоюды («Өңдеуді») жүзеге асыруға құқылы екендігі туралы келісімге келді.

Университет биометриялық және дербес деректерді қорғау саласындағы ҚР заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге міндеттенеді. ND тыңдаушысы мен оның заңды Өкілінің осы Шарттан туындайтын мақсаттар үшін дербес деректерді жинауға, сақтауға, өңдеуге және мемлекеттік уәкілетті органдарға және ҚР Білім және ғылым министрлігіне беруге, сондай-ақ Университет білім беру және өзге де қызметтерді көрсетуге жазбаша келісімі ND тыңдаушысы мен оның заңды Өкілінің осы Шартқа «Қосылу туралы өтінішке» және №3-қосымшаға қол қою арқылы қосылған сәтінде алынған болып есептеледі.

### **2.3. Өкілдің міндеттері мен құқықтары:**

2.3.1. Өкіл осы Шарттың және оған Қосымшалардың (оқу ақысын төлеу кестесі) 2.1.1-т. және 3.2-т. сәйкес Университеттің есеп айырысу шотына төлемнің уақтылы түсуін қамтамасыз етуге міндетті.

Білім алушы кәмілетке толған кезде білім беру қызметтеріне уақтылы ақы төлеу жөніндегі міндеттемелер ND тыңдаушысына ауысады.

2.3.2. Өкілдің ND тыңдаушысының дебиторлық берешегінің бар-жоғын анықтау үшін өзі енгізген сомалардың Университеттің есеп шотына түсуін салыстырып тексеруге, сондай-ақ жазбаша сұрау жіберу арқылы ND тыңдаушысының үлгерімі мен сабаққа қатысуын бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар.

2.3.3. Өкіл ND тыңдаушысының өз міндеттерін орындауын және белгіленген ережелерді сақтауын қамтамасыз етуге Университетке жәрдем көрсетеді, ND тыңдаушысының кәмілетке толғанға дейін оның оқу сабақтарына қатысуын және Университетпен байланыста болу жолымен үлгерімін бақылауды жүзеге асырады және тәрбиелік сипаттағы шараларды қабылдайды. ND тыңдаушысы академиялық, қаржылық берешектің бар екендігі туралы өкілді дербес және уақтылы хабардар етуге міндеттенеді.

Өкіл өз кезегінде ND тыңдаушысының үлгерімін, қатысуын және қаржылық қарызын үнемі бақылауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

2.3.4. Тараптар ND тыңдаушысы кәмілетке толған кезде Өкілдің құқықтары мен міндеттері ND тыңдаушысына ауысады деген келісімге келді. Бұл ретте қосымша келісім жасасу (осы Шарттың тараптары ретінде Өкілдің кетуі туралы) талап етілмейді.

2.3.5. 2.3.4.-т. көзделген жағдай басталған кезде 2.3.1-тармақта көзделген ND тыңдаушысы үшін Кепілгердің берешекті өтеу жөніндегі шарт Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді тоқтатқанға дейін сақталады.

2.3.6. Дербес немесе ND тыңдаушысы арқылы Интернет желісінде Университеттің ресми сайтында, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде және ND тыңдаушысымен байланыс құралдарында орналастырылған осы Шартқа немесе қызметтер құнының тізіліміне өзгерістер мен толықтыруларды бақылауды жүзеге асыруға. Бұл ретте Өкілдің Шарттың және/немесе құн тізілімінің өзгерістеріне қатысты хабардар еместігіне сілтеме жасауға құқығы жоқ.

#### **2.4. ND тыңдаушысы міндеттенеді:**

2.4.1. Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілері, Университет басшылығының бұйрықтары мен өкімдері, Университет Жарғысы, осы Шарттың талаптары, Академиялық саясат, Академиялық адалдық жөніндегі нұсқаулықпен және ресми ақпараттық ресурста орналастырылған өзге де құжаттармен танысуға, сақтауға және орындауға;

2.4.2. Университеттің мүлкіне ұқыпты қарауға және оны ұтымды пайдалануға, оқу орнында, жатақханада, асхана мен кітапханада тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге, білім алу және тұру үшін дұрыс жағдай жасауға қатысуға;

2.4.3. Құжаттарды тапсыру кезінде Университет қызметтері құнының тізіліміне сәйкес, түсудің тиісті жылына біржолғы жарнаны төлеуді жүзеге асыруға;

ND тыңдаушыларының құрамына қабылданған ND тыңдаушысын оқудан шығару кезінде, оқудан шығару негізіне қарамастан, біржолғы жарна қайтаруға жатпайды.

ND тыңдаушысын қабылдау туралы бұйрық шыққанға дейін оқудан шығарған кезде, өтініш берілген сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде жарна сомасының 50% қайтаруға жатады.

2.4.4. Осы Шартқа № 1-қосымшаның негізінде жеке өзі немесе өз Өкілі арқылы білім беру қызметтеріне ақы төлеуді уақтылы жүргізуге;

2.4.5. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына негізделген жеке оқу жоспарының толық көлемінде білімді, практикалық дағдыларды меңгеруге, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысуға, бақылаудың барлық түрлерін белгіленген мерзімде тапсыруға;

2.4.6. Жеке оқу жоспарын жасау кезінде білім беру саласындағы нормативтік актілерді, Университеттің академиялық саясат ережелерін қатаң сақтауға және оқу пәндеріне тіркелудің белгіленген тәртібі мен мерзімдерін сақтауға;

2.4.7. Дәлелді себептермен сабақтарды өткізіп алған жағдайда, өзі немесе туыстары не Өкілі арқылы 2 жұмыс күні ішінде Жоғары мектептің тиісті директоратын (факультетін) сауығып кеткеннен немесе осы жағдайды растайтын төтенше сипаттағы оқиғалар тоқтатылғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде болған оқиға туралы хабардар етуге;

ND тыңдаушысы амбулаториялық немесе стационарлық емделуде болған кезде растайтын құжаттарды көрсете отырып, олардың жарамдылығын тексеру үшін еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ/анықтама жабылған сәттен бастап 3 күннен кешіктірілмейтін мерзімде Университетті бұл туралы жазбаша хабардар етуге;

Жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде осы тармақта көрсетілген оқиғаларды растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Университет бұдан әрі ND тыңдаушысы ұсынған құжаттарды қабылдамауға және қарамауға құқылы.

2.4.8. Жеке оқу жоспарында көзделген жұмыстардың барлық түрлерін орындауға және пән бойынша кредиттер алу үшін оң қорытынды баға алуға. Білім алушыларға пән бойынша қанағаттанарлықсыз қорытынды баға алған кезде осы пән бойынша кредиттер берілмейді.

Үлгерімге ағымдағы бақылауды, аралық қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерінде айқындалады.

2.4.9. Пән бойынша «қанағаттанарлықсыз» қорытынды бағасын алған және/немесе осы Шарттың 2.2.7-тармағына сәйкес сабақтарды өткізіп алғаны үшін пәнді оқуға жіберілмеген ND тыңдаушысы келесі академиялық кезеңде немесе қосымша семестрде жеке оқу жоспарында көзделген оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайтадан ақылы негізде қатысады, рұқсат алады және қорытынды бақылауды тапсырады. Ол үшін ND тыңдаушысы қайтадан пәнге тіркелу рәсімінен өтеді.

2.4.10. Әскери есепке алу ережелерін қадағалауға.

ND тыңдаушысы күндізгі оқу нысанындағы Университеттің білім алушысы болып табылмайды және әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы Заңға сәйкес Қарулы Күштер қатарына шақырудан босатылмайды/-кейінге қалдырылмайды.

2.4.11. Қазақстан Республикасының аумағында шетел азаматтарын уақытша тіркеу қағидаларын сақтауға.

Бұл ретте Тыңдаушы Университетті:

- қаладан немесе елден тыс жерлерге шығудың болжамды күніне дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын;
- Қазақстан Республикасының аумағына келген күні төлқұжаты мен келгенін растайтын құжаттарды ұсына отырып, жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

Университет хабардар етілмеген жағдайда Тыңдаушы Университетке барлық айыппұл санкцияларын, сондай-ақ Университеттің ықтимал шығындарын өтейді.

2.4.12. Әкімшіліктің талабы бойынша Шарт талаптарын, ішкі тәртіп ережелерін, Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерін сақтау мәселелері бойынша жазбаша түсініктемелер беруге;

2.4.13. Ауырған жағдайда осы Шарттың 2.4.7-тармағына сәйкес денсаулық жағдайы туралы медициналық құжаттарды ұсынуға

Университет әкімшілігінің талабы бойынша Университеттің медицина қызметкерлеріне медициналық тексеруден және флюорографиядан өткенін растайтын тиісті ресімделген құжаттарды ұсынуға. Медициналық тексеруді немесе флюорографияны мерзімінде не Университет әкімшілігі белгілеген мерзімде ұсынбау ND тыңдаушысын оқу сабақтарына және/немесе ағымдағы, қорытынды бақылауға жібермеуге әкеп соғады.

Денсаулық жағдайы туралы тиісті құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Университет тиісті оқу кезеңіне Тыңдаушы тіркеген кредиттердің барлық көлемі үшін қолда бар қаржылық берешекті өндіріп ала отырып, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

2.4.14. Тегі, аты, әкесінің аты, отбасылық жағдайы, тұрғылықты жері, телефоны, электрондық пошта мекенжайы өзгерген сәттен бастап 3 (Үш) жұмыс күні ішінде тиісті құжаттарды ұсына отырып, бұл туралы Университетті жазбаша хабардар етуге. Хабарламаған жағдайда, Университет құжаттарды уақтылы бергені, хат-хабарларды жібергені немесе ND тыңдаушысының тиісті деректеріне байланысты өзге де әрекеттер үшін жауапты болмайды.

2.4.15. Университеттің автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінің пайдаланушысы болып табылатын ND тыңдаушысы құпиялылықты сақтауға міндетті және жүйеге кіруді қамтамасыз ететін өзінің логині мен құпия сөзін бөгде адамға беруге құқығы жоқ. ND тыңдаушысы Университеттің электрондық ақпараттық жүйелерінде өз бетінше тіркеулер жүргізеді, жазады және өтініш береді.

Университеттің электрондық ақпараттық жүйелерінде өтініштердің барлық нысандары мен түрлерін тіркеу және беру рәсімдері өтініш берудің жазбаша нысанына теңестіріледі.

2.4.16. Университетке материалдық залал, ар-намысы мен іскерлік беделіне нұқсан келтірілген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен толық материалдық жауаптылықта болуға;

2.4.17. Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында көрсетілген қосымша тарифтермен танысуға;

2.4.18. Тиісті жылға арналған «M.S. Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti» АҚ қызметтері құнының тізіліміне сәйкес кітапхана қорына зиян келтіргені үшін (әдебиеттерді кітапхананың оқу залынан өз бетінше шығару, кітаптардың бүлдіру/беттерін жырту/кітапты кітапханаға уақтылы қайтармау, кітапты жоғалту және т. б.) жауапты болуға;

2.4.19. Білім беру ұйымының оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына құрметпен қарауға және әдептілік танытуға, әлеуметтік желілерде және БАҚ-та қисынсыз «жалған» ақпарат таратпауға, Университеттің имиджі мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер мен сөздерге жол бермеуге, сондай-ақ бейне/аудио немесе өзге де оқу мазмұнын таратпауға;

2.4.20. Өкілдің назарына академиялық үлгерімге, сабаққа қатысуға, ND тыңдаушысына тәртіптік жаза жүктеуге және оны материалдық жауапкершілікке тартуға қатысты ақпаратты уақтылы және толық көлемде жеткізуге;

2.4.21. Өз денсаулығы мен өміріне, басқалардың денсаулығы мен өміріне ұқыпты қарауға. ND тыңдаушысы жеке өзі де, оның қатысуымен де адам өмірі мен денсаулығына қарсы бағытталған құқыққа қайшы әрекеттер үшін ҚР заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

2.4.22. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тыңдаушы» мәртебесі, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайдағы адам (жетімдер, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және т.б.) мәртебесі болған кезде ND тыңдаушысы Университетке тиісті мәртебені растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады.

Растайтын құжаттар ұсынылмаған және/немесе дұрыс емес құжаттар ұсынылған жағдайда, Университет тыңдаушының ND, жеңілдіктер мен өзге де төлемдерді алмағаны немесе уақтылы алмағаны үшін жауап бермейді.

2.4.23. Университеттің Интернет желісіндегі ресми сайтында, сондай-ақ Университетпен ақпараттық жүйелер мен коммуникация құралдарында орналастырылған осы Шартқа немесе қызметтер құнының тізіліміне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды өз бетінше бақылауды жүзеге асыруға. Бұл ретте ND тыңдаушысының Шарттың және/немесе құн тізілімінің, сондай-ақ бар дебиторлық берешектің өзгеруіне қатысты хабардарлыққа сілтеме жасауға құқығы жоқ.

## **2.5. ND Тыңдаушысы құқылы:**

- 2.5.1. Университеттің Академиялық саясат қағидаларына сәйкес, бір тілдік бөлімшеден екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан (мамандықтан) екіншісіне – жеке өтініш негізінде ауысуға;
- 2.5.2. Қосымша ақыға қосымша білім беру қызметтерін алуға;
- 2.5.3. Университеттің Білім беру қызметтері құнының тізілімінде белгіленген мөлшерде қайтарымды кепілдендірілген депозит енгізу шартымен Университеттің кітапханасы мен оқу залдары базасында оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына еркін қол жеткізуге және пайдалануға;
- 2.5.4. ND Тыңдаушысы Университет білім алушыларының құрамына қабылдау тәртібін реттейтін ҚР нормативтік актілерімен және Университеттің ішкі құжаттарымен танысуға;
- 2.5.5. Өзінің заңды Өкілінің келісімімен студенттік өзін-өзі басқару органдары құратын Университет қайырымдылық қорларына ерікті негізде ақша қаражатын салуға;
- 2.5.6. Өзін-өзі басқару органдарының шеңберінде өзін-өзі басқару органдарының қалауы бойынша жекелеген жобаларды қаржыландыру мақсатында, оның ішінде спорттық және өзге де қоғамдық іс-шараларға қатысу үшін ақша қаражатын жинау үшін қор құруға;
- 2.5.7. ND Тыңдаушысының Университет алдында қаржылық және білім беру қызметтері үшін берешегі болмаған кезде Университеттің ішкі актілерінде айқындалған тәртіппен оны қайта қабылдау сәтінде қолданыста болған Білім беру қызметтерін өтеулі көрсету шартында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қайта қабылдануға;
- 2.5.8. Жазбаша өтініш бойынша Академиялық мәселелер бойынша консультациялар алу және/немесе Университеттің есеп шотына енгізген сомалардың түсуін салыстырып тексеру жүргізуге;
- 2.5.9. Академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті Жоғары мектептің Академиялық сапа комитетіне дәлелді себебін көрсете отырып, кезекті академиялық кезеңге тіркелу мүмкін еместігі туралы өтініш беруге;
- 2.5.10. Егер ND Тыңдаушысы өзінің жеке өтініші бойынша және тиісті Жоғары мектептің Академиялық сапа комитетінің келісімімен тіркеу болмаған академиялық кезең үшін білім беру қызметтеріне ақы төлеген жағдайда, төлем қайтарылмайды және келесі академиялық кезеңде оқу есебіне есепке алынады.

## **3. АҚЫ ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІ**

- 3.1. Оқу ақысының мөлшері, тәртібі, сондай-ақ біржолғы жарнаны енгізу Университеттің Білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларында, сондай-ақ тиісті жылға бекітілген Білім беру қызметтері құнының тізілімінде белгіленеді.
- 3.2. Ерекше жағдайларда Университет оқу ақысын төлеу тәртібі мен мерзімдеріне байланысты жеке жеңілдіктер көздеуі мүмкін. Оқу ақысының жеке кестесі Университеттің Білім беру қызметтеріне ақы төлеу ережелерінде бекітілген.
- Оқу ақысын кесте бойынша төлейтін ND Тыңдаушысын оқудан шығарған кезде, оның оқу сабақтарына нақты қатысуына қарамастан, соңғысына кестеде көзделген төлемдерді төлеу бойынша міндет жүктеледі.
- 3.3. Төлем Университеттің есеп шотына төлемдерді аудару арқылы жүзеге асырылады.
- 3.4. ND тыңдаушысы Университеттен шығарылған және онымен Шарт бұзылған жағдайда, ND Тыңдаушысы қайта қабылдануға жатпайды және жаңа мерзімге жаңа Шарт жасасады.



3.5. Осы Шарттың 2.1.12-тармағын ескере отырып, осы Шартты оқудан шығару және/немесе бұзу туралы өтініш берген және ND Тыңдаушысының оқу сабақтарына қатысқан күніне қарамастан, тиісті академиялық кезеңнің білім беру процесін ұйымдастыру бойынша Университеттің өтелмеген шығыстары ND Тыңдаушысының берешегі деп танылады.

3.6. Медициналық сараптама комиссиясының (оның ішінде мүгедектігі бойынша) қорытындысымен расталған, оқуды жалғастыруға мүмкіндік бермейтін сырқаты бойынша ND Тыңдаушысын Университеттен шығарған кезде ақшалай қаражатты қайтару туралы мәселені Атқарушы орган – Басқарма қарайды. Бұл ретте, ауруын растайтын құжаттары бар, білімін ары қарай жалғастыруға мүмкін еместігі туралы өтініш ұсынғанға дейінгі ағымдағы академиялық кезең үшін ақшалай қаражат қайтарылмайды.

3.7. Тыңдаушының өтініші бойынша тіркелген академиялық кредиттер үшін қаржы қаражаты келіп түскенде және тіркелу кезеңі аяқталғанға дейін 2 жұмыс күніне дейінгі мерзімде, тиісті академиялық кезеңде тиісті пәндерге тіркелуді кері қайтарып алу туралы ND Тыңдаушысының өтініші болмаған жағдайда тіркелу жүзеге асырылған, қаражат білім беру процесін қамтамасыз етуге бағытталған болып табылады және ND Тыңдаушысының сабаққа одан әрі қатысуына қарамастан төлем қайтарылуға жатпайды.

3.8. Берешекті ерікті түрде өтеуден бас тартқан кезде берешек сомасын Университет сот тәртібімен өндіріп алады. Университеттің ND Тыңдаушысының немесе оның Өкілінің кінәсінен туындаған барлық шығындары мен сот шығындары, соның ішінде Университетке негізсіз шағымдар қойылған кезде, Тыңдаушыға немесе оның заңды Өкіліне жатқызылады.

3.9. Оқуды өз бетінше тоқтатқан және бұл туралы Университетке хабарламаған жағдайда, ND Тыңдаушысының сабаққа қатысуына қарамастан, ND Тыңдаушысы тиісті академиялық кезеңде оқу пәндеріне тіркелу шеңберіндегі Университеттің білім беру және өзге де қызметтері үшін ақы төлеуден босатылмайды. ND Тыңдаушысы немесе Өкілдің оқуды одан әрі жалғастыру мүмкін еместігі туралы растайтын құжаттарды ұсына отырып, Университетті оқуды тоқтату туралы және/немесе осы Шартты біржақты тоқтату туралы уақтылы хабарламағаны үшін Университет жауап бермейді.

3.10. Демалыс кезеңінде ND Тыңдаушысын бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстырған кезде пәндерді зерделеу үшін төлем ND Тыңдаушысы ауысатын білім беру бағдарламасы кредиттерінің құны бойынша жүргізіледі.

3.11. Тараптар келісімге келіп, Университет инфляцияны ескере отырып, жылына бір реттен артық емес академиялық кредиттің 1 (бір) құнын өзгертуге құқылы екендігіне өзінің сөзсіз, қайтарылмайтын келісімін береді. Бұл ретте қосымша келісімге қол қою және/немесе қосылу туралы өтінішке қайта қол қою талап етілмейді.

3.12. Университет қызметтері құнының тізіліміне өзгерту немесе толықтыру туралы ақпарат Университеттің интернет желісіндегі ресми сайтында, сондай-ақ ақпараттық жүйелер мен ND Тыңдаушысымен коммуникация құралдарында орналастырылады.

#### **4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

4.1. Білім беру қызметтері үшін қаржылық берешек туындаған жағдайда, Университет автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді бұғаттайды және ND тыңдаушысы бақылаудың барлық түрлерін (ағымдағы және қорытынды) тапсыруға жіберілмейді және Университеттің «non-degree» бағдарламасы бойынша ND тыңдаушыларының құрамынан шығарылуға жатады. Қалыптасқан оқу борышы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өндіріп алынады.

Ішкі нормативтік құжаттарда көзделген білім беру қызметтері үшін де, университеттің өзге де қызметтері үшін де қаржылық берешек болған кезде Университет ND тыңдаушысын тиісті академиялық кезеңге тіркеуге жібермейді. ND тыңдаушысының немесе оның Өкілінің қаржылық берешегін өтеу үшін ақша қаражатын енгізуі оған Университеттің ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен Университеттің ND тыңдаушыларының құрамына қабылдау құқығын береді.

4.3. Оқу бағдарламасы аяқталған кезде қаржылық берешек пайда болған кезде (оқу ақысы бойынша да, Университеттің басқа да қызметтері бойынша) бағдарламаларды аяқтау туралы транскрипт пен сертификаттар қаржылық және өзге де берешек толық өтелгенге дейін берілмейді.

4.4. Осы Шартта және оған қосымшаларда көзделген білім беру қызметтеріне ақы төлеу шарттары бұзылған жағдайда, ND тыңдаушысы (Өкілі) әрбір кешіктіру фактісі үшін университетке 5 АЕК мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

4.5. Осы Шартта көзделмеген жағдайларда Тараптар өз міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

4.6. Университет ND тыңдаушысының тұрғылықты жері, телефоны, отбасылық жағдайы және басқа да мәліметтер туралы дұрыс емес және шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді ұсынуының салдары үшін жауап бермейді.

4.7. ND тыңдаушысы өзінің тұрғылықты жері, телефоны, отбасылық жағдайы және т.б. туралы дұрыс емес және шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді ұсынудың салдары үшін толық жауап береді.

4.8. Білім алушы келтірілген залалды толық көлемде өтейді және осы Шарттың 2.2.1, 2.2.6, 2.4.11, 2.4.15, 2.4.16 және 2.4.19-тармақтарында көрсетілген шарттарды бұзу/іс-әрекеттер жасау кезінде Университеттің ND тыңдаушыларының құрамынан шығаруға жатады. Бұл ретте Университет келтірілген залалды, оның ішінде имиджі мен іскерлік беделін сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы.

## 5. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

5.1. Осы Шартты орындау процесінде туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды тараптар өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу мақсатында тікелей алдын ала тәртіппен қарайды.

5.2. Тараптар келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер әзірлеу жолымен шешпеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шарттың орындалатын орны бойынша шешіледі.

## 6. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР

6.1. Лицензияны қайтарып алуға байланысты білім беру қызметін жою немесе тоқтату процесінің негізінде Университет қызметі тоқтатылған жағдайда, Университет білім алушылардың басқа білім беру ұйымдарында оқу жылын аяқтауы жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

6.2. Осы Шартқа қосыла отырып, ND тыңдаушысы және оның заңды Өкілі қызмет көрсету сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ND Тыңдаушысымен немесе оның Өкілімен және Университет қызметкерлерімен сұхбаттасу басталарда жазба жүргізілетіндігі туралы хабарламадан кейін Университет ғимаратында бейне/аудиожазбаны жүзеге асыруға, қосымша хабарламаларсыз электрондық хабарламалары жазбаларының сақталуына, сондай-ақ телефон арқылы сөйлесулерді жазуға құқық береді. ND тыңдаушысы және /немесе оның Өкілі мұндай бейне/аудиожазбалар және/немесе телефон/электрондық келіссөздер жазбалары (оның ішінде мессенджерлер арқылы) Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді сот талқылауы барысында дәлел ретінде пайдаланылуы мүмкін екендігіне келісімін білдіреді.

6.3. ND тыңдаушысы бейресми оқыту шеңберінде білім алады және күндізгі бөлімде және қолданыстағы заңнамаға сәйкес білім алушы болып табылмайды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ND тыңдаушысына әскери қызметтен кейінге қалдыру құқығы берілмейді, сондай-ақ Университет ND тыңдаушысына күндізгі оқу нысанында білім алушылар үшін белгіленген нысандарда мемлекеттік органдарға ұсыну үшін әлеуметтік жеңілдіктер мен төлемдер алу мақсатында анықтама бермейді.

«Non-degree» бағдарламасы бойынша (академиялық дәреже берілмей) оқу курстарында ND тыңдаушысын оқыту фактісін растау үшін тыңдаушыға тиісті бағдарлама шеңберінде оның нақты оқуы туралы Университет өз үлгісіндегі анықтама береді.

## 7. ШАРТТЫ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ

7.1. Осы Шарт ND тыңдаушысының және/немесе оның заңды Өкілінің «Қосылу туралы өтінішке» қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және екінші академиялық кезеңде (семестрде) ND тыңдаушысы оны ұзартқан жағдайда, 1 (бір) академиялық жыл ішінде, ал өзара есеп айырысу бөлігінде – Тараптар қабылдаған міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

7.2. Шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде ND тыңдаушысы оқудан шығарылған жағдайда, оны кейіннен Университет тыңдаушыларының құрамына қайта қабылдау ҰБТ-ны белгіленген шекті балмен тапсырған, құжаттарды қабылдаудың барлық рәсімінен өткен және ND тыңдаушысы мәртебесінде бұрын оқыған пәндердің академиялық кредиттерін қайта есептей отырып, қызмет көрсетуге тиісті Шарт жасасқан жағдайда ұсынылған сертификатқа сәйкес жаңа академиялық жылдан бастап қана жүзеге асырылады.

7.3. Осы Шарттың талаптары Университеттің Интернет желісіндегі ресми сайтында, сондай-ақ білім алушымен ақпараттық жүйелер мен коммуникация құралдарында өзгеріс немесе толықтыру туралы ақпаратты орналастыру арқылы Университетпен өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

Осы Шарттың жекелеген талаптарын өзгерту оның бір немесе бірнеше тармақтарының қолданылуын тоқтату ретінде осы Шарттың қолданылуын тұтастай тоқтатпайды.

7.4. Білім алушы (Өкіл) осы Шарттың 2.1.12-тармағын ескере отырып, Университетке нақты жұмсалған шығыстарды толық төлеген жағдайда, Университетке тиісті өтініштерді жіберу арқылы шартты орындаудан бас тарта алады.

7.5. Тараптар арасындағы шарттық қатынастарды тоқтату сәті Тараптардың өзіне алған міндеттемелерді толық орындауы болып табылады.

7.6. Осы Шартты тоқтатуға Университеттің Тыңдаушыны оқудан шығару туралы тиісті бұйрығын шығару және бұзу туралы келісім жасасу талап етілмейді.

7.7. Осы Шарт интернет желісінде Университеттің ресми сайтында орналастырылған.

**«Non-degree» бағдарламасы бойынша оқыту курстарын  
ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету  
шартына № 1-қосымша  
(академиялық дәреже бермей)****ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ КЕСТЕСІ**

1. Оқу ақысын төлеуді ND тыңдаушысы немесе оның Өкілі әрбір академиялық кезең (семестр) үшін академиялық кезең (семестр) басталғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей 1 (бір) кредиттің құнына және тиісті академиялық кезеңде тыңдаушы жинаған ND кредиттердің санына сүйене отырып жүзеге асырады.
  2. Тиісті академиялық жыл үшін білім беру бағдарламасы бойынша 1 кредиттің құны Университет қызметтері құнының тізілімінде айқындалады және «Қосылу туралы өтініште» көрсетіледі.
  3. «Non-degree» бағдарламасын игеру үшін алдын ала төлем қарастырылған.
  4. ND тыңдаушысы не оның заңды Өкілі тиісті Жоғары мектептің Академиялық сапа жөніндегі комитетінің шешімі және Провостың бұйрығы негізінде оқуға жіберілген кредиттердің ND тыңдаушысы таңдаған санының құны шеңберінде Университеттің қызметтеріне тиісті академиялық кезең үшін ғана ақы төлейді.
  5. 2 (Екі) академиялық кезең (семестр) үшін ақы төлеуге жол берілмейді.  
Осы тармақ сақталмаған жағдайда, артық төленген сомалар Университет қызметтеріне ақы төлеу қағидаларында айқындалған тәртіппен «кету парағына» қол қойылғаннан кейін Тыңдаушының өтініші негізінде қайтарылуға жатады.
  6. Пәнді қайта оқығаны үшін пән бойынша қанағаттанарлықсыз қорытынды баға алған кезде қайта оқу кезеңіне бекітілген Университет қызметтері құнының тізіліміне сәйкес алдын ала төлем көзделген.
  7. Тиісті білім беру бағдарламасына (мамандығына) құжаттарды тапсырған кезде ND тыңдаушысы Университеттің тиісті оқуға түсу жылына арналған қызметтер құнының тізілімінде және Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларында белгіленген сомада біржолғы жарнаны төлеуді жүзеге асырады.  
Университеттің ND тыңдаушыларының құрамына қабылданған ND тыңдаушысын кейіннен оқудан шығарған кезде, кейінгі оқудан шығару негізіне қарамастан, біржолғы жарнаның сомасы қайтаруға жатпайды.
- Осы Шарт бұзылған кезде ND тыңдаушысы немесе оның Өкілі ND тыңдаушысын Университеттің ND тыңдаушыларының құрамына қабылдағанға дейін біржолғы жарнаның бір бөлігі Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қайтарылуға жатады.
8. ND тыңдаушысы және / немесе оның Өкілі осы қосымшамен, осы Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қою кезінде Университеттің білім беру қызметтеріне ақы төлеу қағидаларымен танысқанын, сондай-ақ танысу туралы олардың жеке қолы талап етілмейтінін растайды.

**«Non-degree» бағдарламасы бойынша оқыту курстарын  
ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету  
шартына № 2-қосымша  
(академиялық дәреже бермей)**

**МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Білім алушы Университет аумағында болған кезде сыртқы келбетіне қойылатын талаптарды қоса алғанда, M.S. Narikbaev atyndagy KAZGUU Universiteti-нің Мінез-құлық кодексін және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алуға міндеттенеді.

2. Университет аумағында және ғимараттарында:

- темекі шегуге (электронды сигареттерді, кальяндарды және т.б. қоса алғанда), «насыбай», алкогольі аз ішімдіктерді қоса алғанда спиртті ішімдіктерді пайдалануға;
- сағызды пайдалануға;
- уытты және есірткіден мас болу құралдарын, сондай-ақ олардың прекурсорларын (тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады), сондай-ақ жарылғыш, қатты иісі бар заттар мен пиротехникалық құралдарды сақтауға, пайдалануға және таратуға;
- құмар ойындарды ойнауға, мас, есірткі немесе уытқұмарлық масаң күйде келуге;
- өзімен бірге жануарларды алып келуге;
- түнгі уақытта тыныштықты және ұйқыны бұзуға (сағат 22:00-ден 07:00-ге дейінгі кезең) тыйым салынады.

3. Білім алушы және/немесе оның Өкілі Қосылу туралы өтінішке қол қойған кезде осы қосымшамен және Кодекспен танысқандығын растайды және танысу туралы жеке қол қою талап етілмейді.